

**«Ақтөбе облысының білім басқармасы «Алға ауданының білім бөлімі»  
мемлекеттік мекемесінің №2 Айғолек бөбекжай балабақшасы»  
мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорынының менгеруші  
жанындағы кеңес отырысының  
ХАТТАМАСЫ**

**Алға қаласы**

**04.03.2024 жыл**

Қатысқан педагог саны-8

**КҮН ТӘРТІБІНДЕ:**

1. Сыбайлар жемқорлық тәуекелдеріне жол бермеу және оны жоюга арнаған іс-әрекет.

Күн тәртібінде Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18-қарашадағы №410-V «Сыбайлар жемқорлыққа іс қымыл туралы» Зан талаптарын қатаң сақтау, Педагог-Ұстаз атағының оң имиджін қалыптастыру сондай-ак, Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген нормалар мен шектеулерді бұзуға жол бермеу үшін педагог назарларына жеткізілді. Педагог мәртебесі, педагог әдебін сақтау жұмыстары жүрзілді. Топ тәрбиешілері мен ән жетекшісіне мереке сайын өткізілетін іс-шараларға балаларға костюм тіктірту тоқтатылсын. Ата-аналар тарапынан костюм тіктіру үшін акша жиналмасын. Әлеуметтік медианы пайдалану кезінде барлық педагогтар қызметте және қызметтен тыс уақытта: жалпы қабылданған моральдық – әдеп нормаларын сақтау; мемлекеттік және басқа тілдерге, сондай- ақ Қазақстан халқының салт дәстүрлеріне құрметпен карау; әдепсіз лексиканы қолданбау; әлеуметтік желілерде басқа мемлекеттік қызметшілерді, мемлекеттік аппаратты әшкерейтін фото, видео, аудио және мәтіндік материалдарды жарияламау және өз парагыңызға көшірмеу. Мұндай ақпараттарды мессенджерлерге таратпау. Көніл көтеретін орындарда, аңшылықтан, спирттік ішімдіктер аясында фото, видео материалдар жарияламау. Қызмет бабында пайдалануга арналған құжаттарды өзге де қызметтік ақпаратты сайттарда және жеке аккаунттарда жарияламау жene таратпау ескертілді. Сыбайлар жемқорлықтың белгілері орын алған жағдайда, заң аясында тәртіпке тартылатыны ескертілді. Педагогтар арасында түсіндірме жұмыстары жоспарлы түрде жиі жүргізіліп отырады. Сыбайлар жемқорлық фактологияның анықталған жағдайда мекеменің, Алға аудандық білім бөлімінің, Ақтөбе облыстық білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаментінің, облыстық білім басқармасының сенім телефондары ата-аналарға және мекеме қызметкерлеріне қол жетімді жерде орналастырылғаны атап өтілді. Сыбайлар жемқорлық, заң бұзушылық факторлары анықталған жағдайда мектепке дейінгі үйым басшысына тікелей қонырау шалу линиясы жұмыс жасайды. Жеке және заңды тұлғалардың арыздары мен шағымдарына арналған сенім жәшіктері оңтайлы орынға орналастырылған.

Балабақша менгерушісі жиналысты қорытындылай келе, сыбайлар

жемқорлық тәуекелдеріне жол бермеу, алдын алу бойынша мысал келтіре отырып, сыйбайлас жемқорлық тәуекелдерін болдырмау мақсатында мекемеде ақша жинауга тыйым салу, алдағы мерекелерге орай ұстаздардың ата-аналардан сыйлық алу фактісін болдырмау. Педагогтарға сыйлық алдырмау, ата-аналар тараپынан ақша жинауды болдырмау үшін жұмыстану қажеттілігі ескертілді.

**ШЕШІМ ЕТТИ:**

1. Сыйбайлас жемқорлық тәуекелдеріне жол бермеу шаралары қолға алынсын.

**Жиналыс төрагасы:**

 **Б.Бердібаева**

**Хатшы:**

 **Ж.Адилова**

